

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 2600 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 26 наурыз N 2918. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.04.21. N 378 жарлығымен. ~U000378

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 2600 U952600_ Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 436-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, ол мынадай редакцияда жазылсын:

**"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (бұдан былай - Іс Басқармасы) Қазақстан Республикасының Президентіне - тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Іс Басқармасы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдарын, Президентінің актілерін, Республиканың өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Іс Басқармасы заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банктерде және банк емес қаржы мекемелерінде шоттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі орыс және қазақ тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі, басқа да мөрлері мен мөртабандары болады.

Іс Басқармасының құрылымын құрылымдық бөлімшелер мен дербес қызметтерден тұратын оның орталық аппараты, сондай-ақ ведомстволық қарасты бөлімшелері - Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Шаруашылық басқармасы, Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медицина орталығы құрайды. Іс Басқармасы өзіне

ведомстволық қарасты бөлімшелермен бірге тіке бағыныстылық схемасы бар біртұтас құрылым құрайды. <*>

Іс Басқармасына ведомстволық қарасты бөлімшелер заңды тұлғалар болып табылады әрі өз қызметтерін осы бөлімшелер туралы ережелер белгілеген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Іс Басқармасы республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.08.31. N 4034

Жарлығымен. U984034_

4. Іс Басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуді, сондай-ақ Парламент Сенатының Төрағасына, Премьер-Министрге, Мемлекеттік Хатшыға, Парламент Мәжілісінің Төрағасына, Президент Әкімшілігінің Басшысына, Премьер-Министрдің орынбасарларына, Ұлттық Банктің, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың Төрағаларына, Бас Прокурорға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Орталық сайлау комиссиясының төрағаларына, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттіктің төрағаларына, Үкімет мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдеріне, Парламент депутаттарына, Конституциялық Кеңес пен Орталық сайлау комиссиясының мүшелеріне, Президент Әкімшілігінің, Парламент Палаталары, Үкімет, Конституциялық Кеңес аппараттарының қызметкерлеріне, сондай-ақ Республика Президентінің келісімімен басқа да мемлекеттік органдардың (бұдан былай - қызмет көрсетілетін органдар) басшыларына шаруашылық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

5. Іс Басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

қызмет көрсетілетін органдардың жұмысын қаржы, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының төрағалары өткізетін кеңестерді, конференцияларды және басқа арнаулы іс-шараларын қаржыландыру, материалдық-техникалық қамту және қызмет көрсету;

ресми іс-шаралар мен делегацияларға, соның ішінде шетел делегацияларына қызмет көрсету;

Іс Басқармасына ведомстволық қарасты ұйымдардың балансында тұрған негізгі қорлардың (Үкімет резиденцияларының, мемлекеттік саяжайлардың, қонақ үйлердің, өндірістік және ауыл шаруашылығы объектілері мен басқа да ғимараттардың) пайдаланылуын қамтамасыз ету және оларды жаңарту мен жөндеу;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары, Үкіметі және Конституциялық Кеңесі аппараттарының қызметкерлерінің ведомстволық қарасты санаторийлері мен демалыс үйлерінде тынығуы үшін лайықты жағдайлар туғызу;

ауыл шаруашылық өнімдерін (егіншілік, мал шаруашылығы мен бау-бақша шаруашылығы өнімдерін) өндіруді, ұқсату мен өткізуді қамтамасыз ету;

тұрғын үй және әлеуметтік саланың басқа да объектілерін, өндірістік ғимараттар мен үй-жайлар құрылысын ұйымдастыру;

бекітіліп берілген аумақтар мен жерлерде жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің сақталуы мен қалпына келтірілуін қамтамасыз ету;

Қазақстанға келетін шетел азаматтарына қызмет көрсетілуін ұйымдастыру; ведомстволық қарасты мектепке дейінгі балалар мекемелері мен сауықтыру лагерінің қызметін ұйымдастыру.

6. Іс Басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

қызмет көрсетілетін органдардың қызметі үшін қажетті жағдайлар туғызу мақсатында ведомстволық қарасты ұйымдардың жұмысына басшылық жасауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

республикалық бюджет қаражаты есебінен шығыстар сметаларының жобаларын әзірлейді, осы қаражатты қызмет көрсетілетін органдар, сондай-ақ ведомстволық қарасты ұйымдар бойынша жұмсау лимиттерін анықтайды, осы шығыстарды қаржыландыруды жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен қызмет көрсетілетін органдарды автокөлікпен қамтамасыз етеді және оны жөндеуді ұйымдастырады;

белгіленген тәртіппен қызмет көрсетілетін органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне медициналық, дене мәдениеті-сауықтыру және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету мәселелерін шешеді, емдеу мекемелерінің, шипажайлардың саяжай шаруашылығының, балалар мекемелерінің жұмысын қамтамасыз етеді және олардағы орындарды бөледі;

ведомстволық қарасты ұйымдар көрсететін қызметтерге баға белгілеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

күрделі құрылыстың, күрделі жөндеудің ағымдық және перспективалық бағдарламалары мен жоба-сметалық құжаттамасын жасап, бекітеді, ведомстволық қарасты ұйымдардың объектілерін салуды, жаңартуды және жөндеуді ұйымдастырады, тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы объектілерді жобалауды және салуды қамтамасыз етеді;

ведомстволық қарасты ұйымдардың материалдарға, жабдықтарға, машиналарға, механизмдерге қажеттігін қарастырады және анықтайды, салынып жатқан объектілерді материалдық-техникалық жабдықтау мен жасақтауды ұйымдастырады, материалдық ресурстары қайта бөлуді жүзеге асырады;

өзінің, сондай-ақ ведомстволық қарасты бөлімшелердің қарауындағы объектілерді жаңарту және салу үшін инвесторларды тартады;

өз қызметінің нәтижелеріне есеп жүргізеді, жедел, бухгалтерлік және статистикалық есепті жүзеге асырады, ведомстволық қарасты ұйымдардың қызметін, бухгалтерлік есепке алумен қаржылық есеп берудің жай-күйін бақылайды;

бухгалтерлік есепке алудың тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне шығыстар сметасын орындау жөнінде жиынтық бухгалтерлік баланстар мен қаржылық есептерді, сондай-ақ ведомстволық қарасты ұйымдардың жиынтық бухгалтерлік баланстары мен есептерін табыс етеді;

ведомстволық қарасты ұйымдардың қызметіне тексерулер мен құжаттамалық тексерістерді жүргізеді;

тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға Іс Басқармасының қызметін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шартпен заңды және жеке тұлғалардан қажетті мүлікті сатып алады;

ведомстволық қарасты ұйымдардың пайдасынан аударымдар жасау есебінен резервтік қор және өзге де қорлар құрады, олардың қаражаты ведомстволық қарасты ұйымдарға қаржылық көмек көрсетуге, Іс Басқармасының балалар мекемелерінің қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларға, ведомстволық қарасты ұйымдарда енгізілетін алдыңғы қатарлы іс-шараларды қаржыландыруға, оларды дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, Іс Басқармасы мен ведомстволық қарасты ұйымдардың қызметкерлерін материалдық жағынан көтермелеуге, сондай-ақ басқа да мақсаттарға бағытталады;

уақытша бос ақша қаражатын (соның ішінде валюта) банктер мен басқа да банктік емес қаржы мекемелерінде депозиттік шоттарда сақтайды;

ведомстволық қарасты ұйымдар жүзеге асыратын жұмыстардың (қызметтердің) орындалу тәртібін анықтайды, жасасылған шарттардың орындалуын бақылайды;

қызметкерлер үшін тиісті тұрмыстық жағдайлар жасау және оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізеді;

ведомстволық қарасты ұйымдарда еңбек туралы заңдардың, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын, ұжымдық шарттардың уақтылы жасасылуы мен олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

негізгі қорлар мен өндірістік қуаттарды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында сыртқы экономикалық және коммерциялық қызметті жүзеге асырады, қазақстандық және шетелдік тұлғалармен бірлескен кәсіпорындар құрады;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері мен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі және Конституциялық Кеңесі аппараттарының қызметкерлерін тұрғын алаңмен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді және пәтер алуға арналған құжаттарды ресімдейді.

7. Іс Басқармасының өз функцияларын жүзеге асыру кезінде:

өзінде бар қаражатты үлестік қатысу тәртібімен өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы күрделі салымдарды қаржыландыруға, сондай-ақ белгіленген тәртіппен басқа тұлғалармен бірлесіп, шаруашылық қызметті жүзеге асыруға бағыттауға;

заңдарда белгіленген тәртіппен өзіне ведомстволық қарасты ұйымдарды қайта құруды және таратуды жүзеге асыруға, оларға бекітіліп берілген мүлікті алып қою немесе қайта бөлу жөнінде шешімдер қабылдауға;

ведомстволық қарасты ұйымдарды құру кезінде мемлекет атынан құрылтайшы болуға;

заңдарда көзделген реттерде ведомстволық қарасты ұйымдарға кәсіпкерлік қызметті іске асыруға рұқсат беруге;

ведомстволық қарасты ұйымдарға бекітіліп берілген, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өзге де тұлғаларға берілген республика мүлкінің мақсатқа сай пайдаланылуы мен сақталуын бақылауға құқығы бар.

8. Іс Басқармасының мүлкі мен қаражаты орталық аппараттың балансында және ведомстволық қарасты бөлімшелердің балансында көрініс табады, орталық аппарат пен ведомстволық қарасты бөлімшелерге бекітіліп берілген негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ олардың қызметінің нәтижесінде құрылған қорлардан тұрады.

9. Іс Басқармасы ақша қаражатының негізгі көздері мыналар:

республикалық бюджеттен алынатын қаражат;

ведомстволық қарасты ұйымдардың пайдасынан резервтік қорға аударымдар;

санаторийлерге, демалыс үйлеріне жолдамаларды сатудан, саяжайлар мен өзге де мүлікті жалға беру төлемдерінен алынатын түсім;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетел делегацияларына қызмет көрсетуден, заңды және жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтен түскен валюта және теңге түсімдері;

өзге де түсімдер.

Іс Басқармасының тиісті шоттарына аударылатын барлық ақша қаражаты белгіленген тәртіппен жұмсалады.

10. Іс Басқармасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босататын Іс Басқарушысы басқарады.

Іс Басқарушысының бірінші орынбасары және орынбасарлары болады.

<*>

Іс Басқарушысының орынбасарлары мен өзге де ведомстволық қарасты бөлімшелердің бастықтарын Іс Басқарушысы тағайындайды.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақтың 3-ші абзацы алынып тасталды - ҚР

Президентінің 1998.08.31. N 4034 Жарлығымен. U984034_

(U973692_ қараңыз.)

11. Іс Басқарушысы:

дара басшылық негізінде Іс Басқармасының жұмысын ұйымдастырады, оның нәтижелері, өндірістік, қаржылық, шарттық және еңбек тәртібінің жай-күйі үшін дербес жауап береді, Іс Басқармасының атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін, Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын органдар қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен олардың еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес Іс Басқармасының орталық аппараты мен ведомстволық қарасты бөлімшелерінің құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

Іс Басқармасы орталық аппаратының қызметкерлері мен ведомстволық қарасты бөлімшелердің және ұйымдардың басшыларын тағайындайды;

өзінің орынбасарлары арасында лауазымдық міндеттерді бөледі;

Іс Басқармасының орталық аппараты туралы Ережені бекітеді;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісімімен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы Ережені бекітеді; <*>

Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы Ережені бекітеді;

Іс Басқармасы орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен дербес қызметтері және ведомстволық қарасты бөлімшелері туралы ережелерді, ведомстволық қарасты ұйымдардың жарғыларын (ережелерін) бекітеді;

ведомстволық қарасты бөлімшелерге басшылықты жүзеге асырып, олардың жұмысын үйлестіреді, қызметінің ағымдағы және келешектегі бағдарламалары мен жоспарларын бекітеді;

ведомстволық қарасты бөлімшелер мен ұйымдардың қызметіне тексерістер мен тексерулер жүргізуді ұйымдастырады;

заңдарда белгіленген тәртіппен ведомстволық қарасты бөлімшелерді қайта құруды және таратуды жүзеге асырады, оларға бекітілген мүлікті қайтарып алу немесе қайта бөлу жөнінде шешім қабылдайды;

ведомстволық қарасты бөлімшелердің шаруашылық айналымға қатысу, олардың бухгалтерлік есеп жүргізумен қаржы есебін беру тәртібін айқындайды;

Іс Басқармасы орталық аппараты мен ведомстволық қарасты бөлімшелер

қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстеме-ақы мен қосымшаақы беру, сыйақы төлеу тәртібін белгілейді, өзгертеді және алып тастайды;

белгіленген тәртіппен бекітілген шығыстар сметасы шегінде мүлікке және ақша қаражатына иелік жасайды, Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеге сәйкес қолдағы қорларды пайдалану мәселелерін шешеді;

белгіленген тәртіппен күрделі құрылысқа, жанарту мен күрделі жөндеуге арналған сметаларды, жобаларды, титулдық тізімдерді, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінетін күрделі қаржы есебінен салынатын күрделі құрылыс объектілері бойынша құрылыстардың тізімін бекітеді;

шарттар, контракттар жасасады, шаруашылық операцияларын жүргізеді, сенімхаттар береді;

Үкімет резиденцияларының, демалыс үйлерінің, қонақ үйлердің, мемлекеттік саяжайлар мен балалар мекемелерінің жұмыс тәртібін айқындайды;

ведомстволық қарасты ұйымдарды қайта құру және тарату, басқа ұйымдарды Іс Басқармасының қарамағына беру, шетел тұлғаларының қатысуымен бірлестіктер, филиалдар, бірлескен кәсіпорындар құру мәселелері жөнінде тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсыныстар енгізеді;

өз құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады, ведомстволық қарасты бөлімшелер мен ұйымдар міндетті түрде орындауға тиісті нұсқаулар береді;

барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Іс Басқармасының мүдделерін білдіреді;

негізгі қорларды белгіленген тәртіппен Іс Басқармасының, сондай-ақ ведомстволық қарасты бөлімшелер мен ұйымдардың баланстарынан шығарады;

ведомстволық қарасты ұйымдарда штат кестелері мен шығыстар сметаларын келіседі.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың 7-ші абзацы өзгерді - ҚР Президентінің 1998.08.31. N 4034 жарлығымен. U984034_

12. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының, Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық басқармасы және Іс Басқармасының Медицина орталығының қызметкерлеріне, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің

"Мемлекеттік қызмет туралы" Заң күші бар Жарлығының күші қолданылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.08.31. N 4034

жарлығымен.
U984034_

13. Іс Басқармасын қайта құруды және таратуды Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді".

II. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК